

«Бірлік орта мектебі» мкм бойынша «Жаратылыстану ғылымының құпиясы тұңғық, көзі жетпейтін мұнарасы тым биік» тақырыбындағы жаратылыстану бағытындағы пәндердің өткізген онкүндігінің хабарламасы.

Жаратылыстану пән бірлестігінде 19.01-28.01.22 күндер аралығында география, математика, физика, биология, информатика пәндерінен онкүндікке байланысты үлгілі сабақтар өткізілді.

«Бірлік орта мектебі» МКМ –де 25-қаңтар күні (2022 ж) математика пәнінің мұғалімі Есжанова А.Н 7-сыныпта «Қысқаша көбейту формуласы» тақырыбында үлгілі сабақ өткізді.

Мұғалім «**Конверттегі сұрақтар**» әдісі арқылы оқушыларға өткен сабақтар бойынша сұрақтар қойды.

Сабақты бекіту кезінде оқушылар тапсырмалар орындады. Формулаларды пайдаланып түрлендіріп есептер шығаруда қолданды.

Содан кейін мұғалім «**Bilimland**» платформасынан қысқаша көбейту формулаларын тауып, тапсырмалар орындады. Дұрыс болмаған жауаптарды оқушылар өздері түзеп отырды. Қатемен жұмыс жүргізілді. Сонымен қатар формулаларды берілген есептерге қолданып орындады, дұрыс, бұрыстығын тексеріп, қателескен жерлерін оқушылар өздері түзетіп отырды.

Жеке жұмыста «**Google Forum**» платформасы арқылы оқушылардың білімдерін шыңдау үшін тест тапсырмасын орындатты. Қателескен жауаптарды көрсетеді. Оқушылар қатемен жұмыс жүргізді.

Сабақ барысында жұптық және жеке жұмыстар ұйымдастырылды. Оқулықпен жұмыс, жазба жұмыстар да қамтылды.

25-қаңтар күні (2022 ж) информатика пәнінің мұғалімі Б.Бахтыбай 5-сыныпта «Робототехниканың тарихы және келешегі» тақырыбында үлгілі сабақ өткізді.

Ұстаз «**Quizizz**» платформасы арқылы оқушыларға өткен сабақтар бойынша сұрақтар қойып, үй тапсырмасын тексерді.

Жаңа сабақтың мақсатымен таныстырды. Видео арқылы жаңа сабақты түсіндірді.

Оқушылар бейнежазба көргеннен соң «**Пазл**» әдісі арқылы жаңа сабақты ашты. Әр топқа сурет кескіндері берілді. Соны құрап, роботтар құрудың қай буынына жататынын айтып, түсіндірді.

«**Өз суретінді жалғастыр**» әдісі арқылы әр топ мүшесі Paint программасы арқылы РОБОТ суретін салды. Топ мүшелері бір суреттің бірі басын, бірі ортасын салып суретті кезектеп аяқтады және де оның мағынасын түсіндірді.

Сабақтың келесі бөлігінде «Сергіту сәті» беріліп, оқушылар ұстаздарымен бірге Робот биін биледі.

Жаңа сабақты бекіту үшін мұғалім әр топтағы оқушыларға этикалық ережелер жаздырды. Әр оқушы егер өз роботы бар болса сол роботқа қойылатын талаптар мен ережелерін жазып, оқып берді.

Бағалау бөлімінде ұстаз әр тапсырма сайын оқушыларға смайлик таяқшаларын таратып отырды.

Кері байланыс «**Бағдаршам**» әдісі арқылы жүргізілді.

24-қаңтар күні (2022 ж) информатика пәнінің мұғалімі Үркінбаева Гүлзира 6-сыныпта «**Тіл алфавиті. Синтаксис**» тақырыбында үлгілі сабақ өткізді.

Мұғалім «**Wordwall**» платформасымен оқушыларды 3 топқа бөліп және осы платформамен үй тапсырмасын «Бәйге» әдісі сұрақтарға жауап беру арқылы пысықтады.

Жаңа тақырып бойынша мұғалім тарапынан бейнежазба көрсетіліп түсіндірме жұмысы жүргізілді. Жаңа тақырыпты қаншалықты меңгергенін анықтау үшін 3 топқа ноутбукпен екі тапсырма берілді. Бұл топтық тапсырманы топ мүшелері қызыға орындап шықты.

Сабақты бекіту кезеңінде оқушыларға пысықтау сұрақтары қайта қойылып, жауаптар алынды.

Бағалау мадақтау сөздері арқылы жүргізілді. Кері байланыс алынды.

Оқушылар Python программалау тілінде амалдарды жазу ережелерін білді және программа жазуды үйренді.

26-қаңтар күні (2022 ж) биология пәнінің мұғалімі Османова Айнур 10-сыныпта «**Онкологиялық жаңа түзілулер**» тақырыбында үлгілі сабақ өткізді.

Мұғалім «**Learning apps**» платформасын пайдалана отырып үй тапсырмасын сәйкестендіру әдісі арқылы пысықтады. Оқушылар тақтаға шығып, берілген тапсырманы сәйкестендіру арқылы толық орындап шықты.

Жаңа тақырып бойынша мұғалім тарапынан бейнежазба көрсетіліп түсіндірме жұмысы жүргізілді. Оқушылар тарапынан мұғалімге қойылған сұрақтарға толық жауаптар алынып отырды. Оқу мақсатына қол жеткізу мақсатында флипчарт арқылы тапсырма үйлестірілді. Қағар бойынша оқушыларға екі тапсырма берілді. Бірі диктант болса, екіншісі сәйкесін тап. Бұл тапсырма орындауда оқушылар белсенділік танытты. Келесі тапсырма топтық тапсырма. Бірінші топқа «Онкологиялық аурулардың факторлары», екінші топқа «Алдын алу жолдары». Бұл топтық тапсырманы топ мүшелері толық ашып бере алды.

Мұғалімнің сабақта АКТ пайдалану арқылы, интернет платформасы «**Learning apps**» бойынша үйлестірілген тапсырмаларды оқушылар қызыға орындады. Бұл тапсырманы сынып бойынша барлық оқушылар қамтылды.

Топтық жұмыс бойынша топ мүшелеріне берілген тақырыптың маңызын аша білді.

Сабақты бекіту кезеңінде оқушыларға пысықтау сұрақтары қайта қойылып, жауаптар алынды.

Бағалау мадақтау сөздері арқылы жүргізілді. Кері байланыс алынды. Оқушылар онкологиялық аурулардың факторларын және оның алдын алу жолдарын меңгере алды.

24-қаңтар күні 2022 жылы математика-физика пәнінің мұғалімі Боғумбаева Гульмайра б«а» сыныпта **«Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу»** тақырыбында үлгілі сабақ өткізді.

«Миға шабуыл» әдісі арқылы логикалық есеп шығартып сабаққа балалардың ынтасын оятты.

Үш топқа бөлінді: «Жақсы», «Керемет», «Тамаша».

Үй тапсырмасын **«Сен маған, мен саған»** әдісімен оқушылар дайын жауап арқылы бір-бірлерінің дәптерін тексеріп, бірін – бірі бағалады. Жауаптар интерактивті тақтада слайдта көрсетілді.

«Кім жылдам?» әдісін пайдаланып, өткен тақырыптарды еске түсіру мақсатында **«Викторина»** ойыны ойнатылды. Оқушылар интерактивті тақтада көрсетілген ұяшықтарды таңдап сұрақтарға жауап берді.

Келесі кезең-топпен жұмыс.

«Геометриялық кескіндердің» көмегімен 3топка теңдеу құруға тапсырмалар берілді. Оқушылар тапсырмаларды жылдам және дұрыс орындады. Экранға дұрыс жауаптары көрсетілді.

Оқулықпен жұмыс-жеке жұмыс.

Оқулық бойынша әр топқа бір-бірден есеп берілді. Тапсырмаларды оқушылар орындарында отырып орындады, әр топтың бірінші аяқтаған оқушы есепті тақтада жазды, қалған оқушылар салыстырып тексеріп отырды.

Сергіту сәті. Шығармашылық жұмыс. Сөз жұмбақ.

«Ойлан, тап» әдісін пайдаланып оқушыларға тест ұсынылды. Тест аяқталған соң экранға жауаптары және бағалау шкаласы берілді.

Оқушылар, бүгін сабақта біз нені білдік және нені үйрендік? – сұрақтарымен сабақты қорытындылады. Сабақтың соңында әр топтың басшысы сабақ басында берілген бағалау парағы бойынша оқушылардың жинаған ұпайлар саны бойынша бағалады.

Үй тапсырмасы беріліп, кері байланыс (ауызша) **«Интервью»** әдісімен алынды. Оқушылар бір айнымалысы бар сызықтық теңдеуді шешуді түсінді.

20-қаңтар күні (2022 ж) химия пәнінің мұғалімі Жлртинбаева Феридә 8-сыныпта **«Периодтық кестенің құрылымы»** тақырыбында үлгілі сабақ өткізді.

Топтық жұмыс бойынша топ мүшелеріне берілген тақырыптың маңызын аша білді.

Сабақты бекіту кезеңінде оқушыларға пысықтау сұрақтары қайта қойылып, жауаптар алынды.

Бағалау мадақтау сөздері арқылы жүргізілді. Кері байланыс алынды. Оқушылар онкологиялық аурулардың факторларын және оның алдын алу жолдарын меңгере алды.

24-қаңтар күні 2022 жылы математика-физика пәнінің мұғалімі Боғумбаева Гульмайра б«а» сыныпта **«Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу»** тақырыбында үлгілі сабақ өткізді.

«Миға шабуыл» әдісі арқылы логикалық есеп шығартып сабаққа балалардың ынтасын оятты.

Үш топқа бөлінді: «Жақсы», «Керемет», «Тамаша».

Үй тапсырмасын **«Сен маған, мен саған»** әдісімен оқушылар дайын жауап арқылы бір-бірлерінің дәптерін тексеріп, бірін – бірі бағалады. Жауаптар интерактивті тақтада слайдта көрсетілді.

«Кім жылдам?» әдісін пайдаланып, өткен тақырыптарды еске түсіру мақсатында **«Викторина»** ойыны ойнатылды. Оқушылар интерактивті тақтада көрсетілген ұяшықтарды таңдап сұрақтарға жауап берді.

Келесі кезең-топпен жұмыс.

«Геометриялық кескіндердің» көмегімен 3топка теңдеу құруға тапсырмалар берілді. Оқушылар тапсырмаларды жылдам және дұрыс орындады. Экранға дұрыс жауаптары көрсетілді.

Оқулықпен жұмыс-жеке жұмыс.

Оқулық бойынша әр топқа бір-бірден есеп берілді. Тапсырмаларды оқушылар орындарында отырып орындады, әр топтың бірінші аяқтаған оқушы есепті тақтада жазды, қалған оқушылар салыстырып тексеріп отырды.

Сергіту сәті. Шығармашылық жұмыс. Сөз жұмбақ.

«Ойлан, тап» әдісін пайдаланып оқушыларға тест ұсынылды. Тест аяқталған соң экранға жауаптары және бағалау шкаласы берілді.

Оқушылар, бүгін сабақта біз нені білдік және нені үйрендік? -сұрақтарымен сабақты қорытындылады. Сабақтың соңында әр топтың басшысы сабақ басында берілген бағалау парағы бойынша оқушылардың жинаған ұпайлар саны бойынша бағалады.

Үй тапсырмасы беріліп, кері байланыс (ауызша) **«Интервью»** әдісімен алынды. Оқушылар бір айнымалысы бар сызықтық теңдеуді шешуді түсінді.

20-қаңтар күні (2022 ж) химия пәнінің мұғалімі Жлрттибаева Феридә 8-сыныпта **«Периодтық кестенің құрылымы»** тақырыбында үлгілі сабақ өткізді.

Жаңа тақырыпты терең ұғыну мақсатында тақырып бойынша берілген практикалық тапсырманы орындап, қатты денелердегі қысымның берілуі бір бағытта екенін түсіндірді. Сабақты бекіту кезеңінде оқушыларға пысықтау сұрақтары қайта қойылып, жауаптар алынды.

Бағалау мадақтау сөздері арқылы жүргізілді. Кері байланыс алынды. Оқушылар қатты денелердегі қысым туралы түсінді. Формуланы есептер шығаруда қолдануды үйренді.

27-қаңтар күні (2022 ж) информатика пәнінен 9,10,11-сыныптар арасында «**Біздің WIFI!**» марафон сайыс сабақ өткізілді.

Марафонды бастамас бұрын, ынтымақтастық атмосфераны жақсарту үшін қатысушылардың көңіл күйін «Мен жылдаммын!» тақырыбында сұрақтар қойып, қатысушылардан жауап алынды. Ал қатысушылар әр түрлі сұрақтарға жылдам жауап беріп үйренді. Қатысушылар сынып бойынша топтарға бөлінді. Әр сыныптан төрт оқушыдан қатысты. 9-сынып «Модем» тобы, 10-сынып «Интернет» тобы, 11-сынып «Монитор» тобы болып бөлінді.

Марафон бес кезеңнен тұрды:

- Сен білесің бе?
- Компьютер әлемі
- Жылдам ойлан!
- Тіл шеберлігі.
- Интернет жұмбақтары.

Әр кезеңнің тапсырмаларына келетін болсақ, «Сен білесің бе?» кезеңінде әр топқа тест берілді. Тест сұрақтары экранға шығып, аудио дауыспен оқылып тұрды. Жауабы видеомен көрсетіліп, дұрыс тапқан топтарға дәлелденген ұпай саны қосылып отырды. Компьютер әлеміне келетін болсақ, ұяшықтарды тандау арқылы әр топқа тапсырмалар берілді. Жауабын интернеттің көмегімен бірден көрсетіліп тұрды. «Жылдам ойлан!» кезеңінде әр топқа П,Ф,Д әріптері таратылып, сол әріптен басталатын информатика пәніне байланысты сөздер жазды. 5 минут уақытта әр топ қанша сөз жазғаны есептелінді. Әр сөзге бір ұпайдан қосылып, «Модем тобы» ең көп сөз жазғандары үшін мадақталды. «Тіл шеберлігінде» эранда аудио дыбысымен берілген мақалды, интернет желісі, компьютер құралдарымен байланыстырып

құрастыру қажет. Соңғы кезең интернет жұмбақтарында әкпанда берілген аудио дыбысымен оқылған жұмбақты шешіп, жауабын үш тілде аудару керек екені айтылды. Аударылған жұмбақтың жауабын дұрыс аударған топқа үш ұпай саны қосылды. Қатысушылардың дер кезінде жауаптары үшін мадақтап, ынталандыру арқылы марафон өте қызық өтті. Ең жоғары ұпай жинаған 9-сынып «МОДЕМ» тобы жеңіске жетті. Сайыстың негізгі мақсаты: Интернет желісінің қалай жұмыс істеу туралы алған теориялық білімдерін практикада қолдану, жылдам әрі тез жауап беруге, ауызша, жазбада жұмыстарын жүргізе отырып білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту, ой қорытып, нақты шешім жасауға үйрету, жергілікті желінің қалай жұмыс істейтінін көзбен көріп біліп жүруге, топпен жұмыс жүргізіп, бірін – бірі тыңдауға, сыйлаға, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Менің көздеген мақсатыма жеттім. Сайыс басталған бойы қатысушылар берілген тапсырманы орындауда белсенділік көрсетті. Жоспарлап келген жұмыс түрлері толығымен іске асты. Оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеттері ескеріліп, сабақтың әр кезеңінде қызығушылығын ояту, байланыстыра сөйлеу, сөздік қорын молайту көзделді.

28-қаңтар күні (2022 ж) математика пәнінің мұғалімі Усенова Толқын 8-сыныпта «Параллелограмм және ромбтың ауданы» тақырыбында үлгілі сабақ өткізді.

Мұғалім «Тосын сұрақтар» әдісі арқылы оқушыларға өткен сабақтар бойынша сұрақтар қойды. Жана сабақтың мақсатын анықтады.

Сабақты бекіту кезінде оқушылар жана тақырыпты түсінгеннен кейін тапсырмалар орындады. Формулаларды пайдаланып түрлендіріп есептер шығаруда қолданды. Пик формуласын қолданып әртүрлі көлемде боялған параллелограмм мен ромбтың аудандарын есептеп тапты.

Содан кейін мұғалім “**Learning apps**” платформасынан тапсырмалардың формулаларын тауып, әр фигураның ауданымен байланыстырды. Дұрыс, бұрыс жауапты өзі көрсетіп тұрады. Дұрыс болмаған жауаптарды оқушылар өздері түзеп отырды. Қатемен жұмыс жүргізілді. Сонымен қатар фигуралардың сызбасымен берілген есептерді орындады. Аудандарын тапты, дұрыс, бұрыстығын тексеріп, қателескен жерлерін оқушылар өздері түзетін отырды.

Жеке жұмыста «**Quizizz**» платформасы арқылы оқушылардың білімдерін шыңдау үшін тест тапсырмасын орындатты. Бұл жерде баллды жоғары және уақытты тиімді пайдаланған оқушыларды платформа өзі мадақтап, орын беріп қошемет

көрсетеді. Қателескен жауаптарды да көрсетеді. Оқушылар қатемен жұмыс жүргізді.

Сабақ барысында жұптық және жеке жұмыстар ұйымдастырылды. Оқулықпен жұмыс, жазба жұмыстар да қамтылды.

Бағалау мадақтау арқылы жүргізілді. Кері байланыс алынды.